

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№2 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/QRMK6992>

***Е. Армия¹, *Ф. Б. Шойбекова¹, Б. Молдағали²,
Ж. М. Турғынбаева³**

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

³М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,

Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

*e-mail: shoibekova_gaziza@mail.ru

МЕДИАЛИНГВИСТИКАДАҒЫ ОТАНСҮЙГІШТІК ИДЕЯСЫНЫҢ БЕРІЛУІ («BALAPAN» ТЕЛЕАРНАСЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Бұл мақалада медиалингвистика саласы бойынша «Balapan» телеарнасы бағдарламалары тіліндегі отансүйгіштік құндылықтар туралы айтылады. Соңғы жылдары ұлттық мүдде мәселелері елімізге ортақ мәдени кеңістікте күн тәртібінде тұр. Бұл мәселе отандық медиа саласында түрлі тілдік бірліктермен өрнектеліп жүр. Халқымызды біріктіретін, қоғамға тән құндылықтарды, ортақ мүдделерді қалыптастыруға арналған іс-шаралар еліміздің халқын рухани байытады. Ұлттық құндылықтарды дамыту халықтың ұлттық мүдделері мен құндылықтарын ұстанудан басталады. Бұл үдеріс әр адамның балалық кезеңінен бойына сіңірілуі керек. Қазақ балаларының бойында осындай құндылықтарды дарытатын ең негізгі факторлардың бірі – телеарналардың қазақша мазмұнда болуымен қатар, отансүйгіштік мазмұндағы мәтіндер берілетін бағдарламалар. Әрбір бағдарламаның бала жасына сәйкес қызықты болуымен бірге бағдарламалардағы мәтіндерден отансүйгіштік дискурсы, прагматикасы сезілуі қажет.

Осы бағыттағы зерттеу мақаламызда «Balapan» телеарнасындағы бағдарламалардағы отансүйгіштік идеясының дәріптелуі туралы қарастырылады. Медиалингвистикадағы отансүйгіштік идеясының бағдарлама мәтінінің арасына қажетті тілдік бірліктермен кіріктіріле отырып берілуі, оның тілдік қызмет

атқаратындығы, бала көрерменге әсер етуі сөз болады. Бұл зерттеудің теориялық және практикалық құндылығының жоғары және зерттеу бағытының жаңа екендігін көрсетеді.

Кілтті сөздер: «Balapan» телеарнасы, отансүйгіштік, телеарна бағдарламалары, ұлттық құндылықтар, мәтін.

Кіріспе

Қоғамды демократияландыруға негізделген маңызды және оң нәтиже беретін өзгерістер болу қажет. Сол өзгерістерді болашақ қазақ қоғамын, сондай-ақ жаңа Қазақстанды құратын бала бойына сіңіру керек. Азаматтық қоғамға ұжымдық бірегейлік арқылы ғана қол жеткізе алатынымыз анық. Ұжымдық бірегейлікті туындататын ортақ мүдде – кез келген елді, халықты бір идеяға жұмылдырады. Ұлтты бір идеяға біріктіру мәселесі болашақта көптеген өзгерістерде шешуші рөл атқарады. Осы тұрғыда елдің болашақ ұрпағын тәрбиелеуге қатысты ұлт дамуының мақсаттарына назар аударылуы керек.

Ұлттық бірегейліктің нышандарын пайдалана отырып, қоғамдағы жеке, әлеуметтік және түрлі этностарға қарамастан біріктіруі керек. Сондай нышандардың бірі – отансүйгіштік құндылықтар.

Отансүйгіштік сезіміне тәрбиелеуде «Balapan» телеарнасының қызметі зор. Мақалада «Balapan» балалар телеарнасындағы бағдарламалардың мазмұнына сүйене отырып, өскелең ұрпақтың тұлғасын отансүйгіштік сипатта қалыптастыру мәселесі талқыланады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуде іріктеу, сараптау, эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылды. Атап айтқанда, теледидар материалдары іріктел, ондағы тақырыпқа қатысты негізгі мәселені анықтауда эмпирикалық зерттеулер жүргізілді. Отансүйгіштік мазмұны бар бағдарламалар тіліне байланысты, сондай-ақ тәрбиеге қатысты зерттеулерге теориялық сараптама жасалды. Ұлттық құндылықтар туралы материалдар отансүйгіштік ассоциограммасына енетін кілт сөздер арқылы ізделіп, қарастырылды. Практикалық талдауда «Balapan» телебағдарламасы мәдени және ұлттық құндылықтардың дәрежесі талданып көрсетілді. Олардың бағдарлама мәтінінің арасына сынадай кіріктіріліп, жас ұрпаққа ұғындырылуы зерделенді. Балалар телеарнасы арқылы отансүйгіш ұрпақ қалыптастыру сипаты талданды.

Нәтижелер және талқылау

Балалар контенттерінің бүгінгі күндегі ең белдісі, беделдісі – «Balapan» арнасы. «Balapan» арнасының көрермендерінің саны – кабельдік желіде 1 млн болса, «Отан TV» желісінде 1 млн 400 мың абонент [1]. Арна 2010 жылдың 27 қыркүйегінде ашылды. Арнаның 10 жылдығына арналған «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған мақалада: «Balapan» телеарнасын үздіксіз

көретін бала көрермендер көркем сөйлей бастады, сондай-ақ ұлттық тілдің тереңдігін түсінеді. Жас ұрпақтың білімпаз және тәрбиелі болуы үшін де телеарнаның атқарып отырған рөлі зор. «Balapan» арнасының ашылуымен телевизиядан алшақтап кеткен ертегі, бесік жыры сияқты жанрлар қайта оралды. Мұның жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруде маңызы зор» – деп жазады [1].

2020 жылдың есебі бойынша елімізде 8 жасқа дейінгі балалар санының 3,5 миллионға жеткені айтылады. Осыған байланысты сол кездегі корпорация басшысы: «Balapan» балаларға ана тілін үйрететін қуатты қарулардың біріне айналды. «Balapan»-ды көріп, таза қазақ тілінде сөйлейтін балалар туралы ақпаратты оқып, естіген сайын іштей мәртебеміздің өсетіні жасырын емес» дейді [2]. Демек, «Balapan» телеарнасының тілінің әдеби болуы ұлттық тілдің құндылығын көрсетеді.

Телеарна бағдарламаларындағы балалар тілінің зерделенуіне арналған ізденістер көп емес. О. Г. Гольская «Требования к речи воспитателя» атты мақаласында балабақша және мектепалды даярлық топтарындағы тәрбиешінің дұрыс, әдемі сөйлеуі маңызды рөл атқаратындығын жазады. Сондықтан тәрбиешіге балаға сөйлейтін сөзі үшін мынадай талаптар қойылады: «мазмұндылығы, дәлдігі, логикалылығы; лексикалық, фонетикалық, грамматикалық, орфоэпиялық тұрғыдан дұрыстығы; эмоциялық қанық болуы; интонацияға бай болуы; асықпай, дауыстап сөйлеу; мәнерлі, сөйлеу әдеби мен ережелері сақталуы қажеттігін» жазады [3]. Бұл ұлттық тілдің тазалығын сақтауға деген ұмтылыс екенін көрсетеді.

Зерттеушінің осы ойын бағдарлама редакторларына қойылатын талап деуге де болады. Себебі бағдарламада, әдетте, редакторлар қандай мәтінді берсе немесе балалардың ауыздарына қандай сөз салса, соны қайталап айтады. Бұндай жағдайда балаларда ойлану немесе айтайын деп тұрған сөздерінің дұрыс-бұрыстығын бағамдау болмайды. Редактор немесе сценарист қандай сөзді айту қажеттігін нұсқаса, соны айтады. Демек, баланың бағдарламада айтатын сөздері отансүйгіштік идеясына негізделуі керек.

Бала тілінің қалыптасуы өмірге келген алғашқы кезеңінен бастап дамиды. «Алғашқы кезде сәбидің сөзі үлкендердің сөзіне аздап қана ұқсайтын болады. Тіпті кейде үлкендер пайдаланбайтын сөздерді де қолданады» [4, 104-б.].

Scopus базасындағы журналдарда қазақстандық патриотизм туралы мақалалар жарияланып жүр. «Patriotic upbringing as a defining factor of Personality formation» атты мақалада жеке тұлғаның қалыптасуын анықтайтын фактор ретіндегі отансүйгіштік тәрбиенің рөлі және патриоттық тәрбиенің негізгі екі арнасы тәрбие сағаттары мен сыныптың диагностикасы жайлы қарастырылған [5]. Тәрбиенің негізгі бағыттарына рухани, тарихи өлкетану,

азаматтық елжандылық, әлеуметтік патриотизм, әскери-патриоттық, қаһармандық-патриоттық, спорттық-патриоттық тақырыптарын жатқызса, ірі құрылымдарына 1) «Мен және менің жақындарым, 2) «Мен және менің қалам», 3) «Мен және менің өлкем», 4) «Мен және менің елім» деген тақырыптарды жіктеген [5, с. 44].

Д. Мэтьюз, Э. Ливен, А. Теакстон. М. Томаселлоның «The effect of perceptual availability and prior discourse on young children's use of referring expressions» мақаласында кіші жастағы балалардың бір-бірімен қағытпа, үрсу, пікірлесу мәтіндеріндегі ойды жеткізу мен қабылдау түрлері қарастырылған [6, 405 p.].

«Balapan» телеарнасының тұрақты көрермендері балалар болғандықтан, көрсетілетін бағдарламалар мен мультфильмдердің бояуы қанық қойылымдарын және сүйікті кейіпкерлерімен бірге олардың әдеби тіл нормаларын бұзатын сөздері мен сөз тіркестерін, сөз саптауларын да есте сақтайды. Балалар әдеби тіл нормасын бұзатын сөздер мен сөз тіркестерінің, сөйлемдердің мағынасын терең түсінбей, сөйлеу барысында қолданады. Сондықтан «Balapan» телеарнасындағы мультфильмдер мен бағдарламалар медиалингвистикасын зерттеу маңызды. Сондай-ақ телеарнада көрсетілетін бағдарламалар мен мультфильмдер тілі әдеби тіл нормасына сай жүйеленген сайын балаға әсер ету қуаты күшті болады. Яғни бала сүйікті кейіпкерлері арқылы әдеби тілде сөйлеу дағдысын қалыптастырады.

Телеарнаның бағдарламаларының арасында «Баламен сұхбат» бағдарламасы назарымызды аударды. Онда балалар 15 минут бойы кино, әдебиет, ғылым, медицина, спорт және музыка саласындағы танымал тұлғалармен әңгімелеседі. Жоба сипаттамасында «Атақты кейіпкерлердің өмірі мен еңбек жолы оларға үлгі болмақ» екендігі айтылған [7].

Бағдарламаның қонағы – қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазықызы. Балалар қонақты айналып отырды, бұл азды-көпті босансу атмосферасын тудырды.

Тұлға теледидар алдындағы бала үшін өз саласын мынадай рухани құндылықтармен байланыстыра айту керек: 1) туған жер, 2) туған ел, 3) мемлекеттігі, 4) рәміздері, 5) салт-дәстүрі. Мәселен, тіл маманын шақырса, тілдің құндылығын бала тілімен түсіндіру керек. Осы айтқанымызға дәлел ретінде «Balapan live» бағдарламасындағы мәтіннің өзгерісіне назар аударайық.

«Balapan live» бағдарламасының кезекті нөмірі Қазақстан тәуелсіздігі мерекесіне арналған екен. Сүп-сүйкімді балақайлар отан туралы тебірене өлең оқыды [8].

Ұлықбек Есдәулетовтің «Арыстандай айбаттым, Жолбарыстай қайраттым» деп басталатын өлең жолдарын оқыды. Жүргізуші:

Күнің тусын солыңнан,
Жұлдыз жансын жолыңнан,
Басыңа бақ орнасын,
Айың тусын оңыңнан,
Қыдыр болсын жолдасың,
Құдай сені қолдасын,
Қазақстаным – деп, аяқтады.

Ал түпнұсқада «Қазақстан – көз жасым!..» болғанымен, бала жасына лайықтап, отансүйгіштік мәнін жеткізу үшін «Қазақстаным» деп айтқаны ұтымды шықты деп ойлаймыз. Арна қызметкерлерінің бұл қолданысы тапқырлықты білдіреді.

Негізі, құндылықтарды рухани және материалдық деп бөлсек те, екеуі бірін-бірі толықтырып тұрады. Мәселен, материалдық құндылықтарға қазба байлықтарын, өзен-су, көлдерімізді, тау-тастарымызды, төрт түлігімізді, тұрмыстық заттарымызды (текемет, киіз үй, ою-өрнектері, киім түрлері) жатқызсақ, олардың бәрі – адамзаттың рухани баюына көмектесетін құралдар. Сондықтан да олар бір-бірімен тығыз байланысты.

Келесі «iVars» бағдарламасы – 5 жасқа дейінгі балаларға арналған бағдарлама. Бұл бағдарламада бала жасына сәйкес сайыс ойыны болады. Сайыс өте мазмұнды құрылған. Бірінші «Кім жылдам?» айдарында Қазақстандағы қызыл кітапқа енген аң-құс, жануарларды жасырады. Бұл да – еліміздегі жан-жануарларды сақтауға қатысты патриоттық сезім тудыратын тапсырмалар [9].

«Bala time», «Күмбір live», «Білім бәйгесі», «Тәуекел» спорт додасы, «Ғылымға саяхат», «Байқа, балақай», «Ән салайық» деген бағдарламалардың бәрінде де заманауи сипатта ұлттық құндылықтар, отансүйгіштік мазмұнда сіңіріліп жатады.

«Әкеммен бірге», «Анаммен бірге» бағдарламалары отансүйгіштік идеясын сіңіретін отбасы, ата-ана екенінен хабар береді. Баланың, әсіресе ұл балалардың бір уақыт әкелерімен қалып, қарым-қатынас жасағысы келеді. Әкесі де бос уақытында баласына көңіл бөліп, бар білгенін, өмірден көрген-түйгенін айтып, көрсеткісі келеді. Осындай мақсаттан туған бағдарламаларда ер азаматтар жасайтын істерді әкесі мен баласы бірге жасап, ұлттық құндылықтарды отбасылық құндылықтардан бастайды. Отансүйгіштік сезімді отбасындағы жылы қарым-қатынас арқылы көрсетеді.

«Әкеммен бірге» бағдарламасында әкесі Рақым мен баласы Батыр қыш құмыралар жасайды. Осы құмыраларды жасау барысында әкесінің «міне, Батыр өзі жасап жатыр, сендер де жасай аласыңдар» деген сөзі баласына сенімділік тудырады, сонымен қатар мұны естіген өзге балаларда да құлшыныс пайда болады. Әрі қарай әкесі құмыра жасау кәсібімен қазақтар

өте ерте кезден айналысып келе жатқандығын, әкесі жасағандығын, одан кейін өзі қолға алғандығын, енді, міне, баласы да құмыра жасаудың алғашқы баспалдақтарын көрсетіп жатқанын тілге тиек етеді. Демек, ата-баба кәсібіне адал болып, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келе жатқаны – отбасылық патриотизм көрінісі деп санаймыз [10].

«Жандос және оның достары» анимациялық сериясы сол кездегі ҚР Мәдениет және спорт министрлігі жанындағы Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша дайындалғандығына назар аударуымыз керек [11]. Мультфильм тілі аралас. Орыс тіліндегі сөздерді қазақша түсіндіріп береді. Бұндай тәсіл орыстілді балалар да арнаны көрсе, тілді үйренсе деген тілектен туындаса керек. Әр рөлдік-жағдаяттық танысу мен түсіндіруден кейін қазақ сөздері мен сөз тіркестерін қайталайды. Бұл – жас ұрпақты қазақ әдеби тілінде сөйлеуге дәріптеу.

«Balapan» телеарнасы бағдарламаларының мазмұнын талдау нәтижелері көрсеткендей, балалар аудиториясына ұсынылатын материалдар отансүйгіштік мазмұнның ассоциогаммасын құрайтын құндылықтарға негізделген. Бала сұранысына, талабына толық жауап бере алады деп санаймыз.

Бағдарлама мәтіндері заманауи мәселені көтере отырып, міндетті түрде балаларға ата-бабалары жүріп өткен жолдардан да хабар беріп, оны отбасылық құндылықтан отансүйгіштік мазмұнға дейін жеткізеді. Қазақ халқы, тілі, тарихы, жері, байлығы, тұлғалары жайлы мәлімет отансүйгіштікке жетелейді.

Жоғарыда айтылғандай, бұқаралық ақпарат құралдары өз аудиториясының ұлттық және мәдени байланысын қалыптастыруға қатты әсер етеді. Медиа мәдени индустрияның бөлігі ретінде балаларға ата-баба мәдениетін бойына сіңіру керек. Ол мәдениет құндылықтарсыз дарымайды. Сондықтан балаларға отансүйгіштік мазмұны бар кешенді контент ұсыну керек.

«Balapan» телеарнасы – көре отырып, көкейге түйгізетін, ойната жүріп, ойлантатын, отанын сүю сезімдерін қалыптастыратын ірі индустрия.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚРҒЖБМҒСБК 2023-2025 жж. арналған гранттық қаржыландыру есебінен ЖТН АР19679549 «Балапан» телеарнасындағы бағдарламалардың (2017-2024 жж.) әдеби тіл нормасына сәйкестігін мониторингілеудің теориясы мен тәжірибесі» атты ғылыми жоба негізінде жазылды.

Қорытынды

Қорыта келгенде, «Balapan» телеарнасы балаларға отансүйгіштік идеяны ұлттық құндылық арқылы сіңіру үшін тамаша ресурс және құрал болып отыр. Арнаның негізгі мақсаты – ұлттық құндылықтарды сіңіру емес, балалардың көңілін көтеру. Тек көңіл көтеру ғана емес, сонымен қатар білім де беріледі, білім өмір тәжірибесін қоса береді. Ал өмір тәжірибесі ұлттық

құндылықтармен бірге өріледі. Осылайша олар бір-бірінен ажырамай бірін-бірі толықтырады.

Арнада отансүйгіштік идеясы әрбір бағдарламада бар. Кей бағдарламалар тікелей ұлттық құндылықтарға бағытталса, екінші бір бағдарламалар тікелей білдірмесе де, арасына кіріктіріп береді.

Медиалингвистикада отансүйгіштік идея: мемлекеттік тіл, туған жер, рәміздер, күй, ұлттық және отбасылық құндылықтар, ғылыми бағдарламалар т.б. көптеген кластерлер арқылы беріледі

Пайдаланылған деректер тізімі

1 «Balapan» телеарнасына – 10 жыл [Мәтін] [Электронды ресурс]. – <https://egemen.kz/article/250162-balapan-telearnasyuna-10-dgyl> – 2020.

2 «Balapan» арнасының» анимациялық жобалары АҚШ пен Латын Америкасында көрсетілді [Мәтін] [Электронды ресурс]. – https://forbes.kz/life/observation/balapan_arnasyinyi_animatsiyalyi_jobalary_ash_pen_latyin_amerikasyinda_krsetled%20/ – 2020.

3 Гольская, О. Г. Требования к речи воспитателя [Текст] [Электронды ресурс]. – <https://nsportal.ru/user/664283/page/trebovaniya-k-rechi-vospitatelya>

4 Дүйсенова, Ж. Қ., Нығметова, Қ. Н. Балалар психологиясы [Мәтін]. – Алматы, 2012. – 104-б.

5 Ybyraimzhanov, K., Zhabykbayeva, D., Asanbekova, G., Shakirova, A., Katshibekova, Z. Patriotic upbringing as a defining factor of Personality formation [Text] // Opción, Año 35. – No.89. – 2019. – P. 756-772. – ISSN 1012-1587/ISSN: 2477 p. [Electronic resource]. – <https://gotriple.eu/documents/10670%2F1.6pr11o>

6 Matthews, D., Lieven, E., Theakston, A., and Tomasello, M. «The effect of perceptual availability and prior discourse on young children's use of referring expressions [Text] // Appl. Psycholinguist. – 2006. [Electronic resource]. – <https://www.frontiersin.org/journals/psychology/articles/10.3389/fpsyg.2021.624604/full>.

7 Баламен сұхбат [Электронды ресурс]. – <https://balapan.tv/videos/7334>

8 Balapan Live. 44 бөлім. [Электронды ресурс]. – <https://balapan.tv/index.hp/videos/9106>

9 iBars. 29 бөлім. [Электронды ресурс]. – <https://balapan.tv/videos/9293>

10 Әкеммен бірге. 6 бөлім. [Электронды ресурс]. – <https://balapan.tv/videos/8202>

11 Жандос және оның достары [Электронды ресурс]. – <https://youtu.be/a3mI2SCa6Ts?si=2Mtsxe7BsJxPMVmD>

References

1 «Balapan» telearnasyňa – 10 jyl [Balapan TV Channel-10 years] [Text]. [Electronic resource]. – <https://egemen.kz/article/250162-balapan-telearnasyňa-10-dgy1-2020>.

2 «Balapan» arnasyňyň animatsııalyq jobalary AQSh pen Latyn Amerikasynda kórsetildi [Animation projects of the «Balapan» channel» were shown in the United States and Latin America] [Text] [Electronic resource]. – https://forbes.kz/life/observation/balapan_arnasyňyň_animatsııalyq_jobalary_ash_pen_latyn_amerikasynda_kórsetled%20/ – 2020.

3 **Golskaia, O. G.** Trebovaniia k rechi vospitatelia [Requirements for the teacher's speech] [Text] [Electronic resource]. – <https://nsportal.ru/user/664283/page/trebovaniya-k-rechi-vospitatelya>.

4 **Dúisenova, J. Q., Nygmetova, Q. N.** Balalar psihologııasy [Children's psychology] [Text]. – Almaty, 2012. – 104 p.

5 **Ybyraımzhanov, K., Zhabykbayeva, D., Asanbekova, G., Shakirova, A., Katshibekova, Z.** Patriotic upbringing as a defining factor of Personality formation [Text] // Opción, Año 35. – No.89. – 2019. – P. 756–772. – ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477 p. [Electronic resource]. – <https://gotriple.eu/documents/10670%2F1.6pr10>

6 **Matthews, D., Lieven, E., Theakston, A., and Tomasello, M.** «The effect of perceptual availability and prior discourse on young children's use of referring expressions [Text] // Appl. Psycholinguist. – 2006. [Electronic resource]. – <https://www.frontiersin.org/journals/psychology/articles/10.3389/fpsyg.2021.624604/full>.

7 Balamen suhbat [Electronic resource]. – <https://balapan.tv/index.php/videos/9081>.

8 Balapan Live. 44 bolim. [Electronic resource]. – <https://balapan.tv/index.php/videos/9106>.

9 iBars. 29 bölim. [Electronic resource]. – <https://balapan.tv/videos/9293>.

10 Äkemmen birge. 6 bolim. [Electronic resource]. – <https://balapan.tv/videos/8202>.

11 Jandos jáne onyň dostary. [Electronic resource]. – <https://youtu.be/a3mI2SCa6Ts?si=2Mtsxe7BsJxPMVmd>.

27.03.23 ж. баспаға түсті.

10.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Е. Армия¹, *Г. Б. Шойбекова¹,

Б. Молдағали², Ж. М. Турғынбаева³

¹Казахский национальный женский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Алматы;

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

Республика Казахстан, г. Алматы;

³Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова,

Республика Казахстан, г. Шымкент.

Поступило в редакцию 27.03.23.

Поступило с исправлениями 10.01.24.

Принято в печать 03.06.24.

ПЕРЕДАЧА ИДЕИ ПАТРИОТИЗМА В МЕДИЛИНГВИСТИКЕ (НА ОСНОВЕ ПРОГРАММ ТЕЛЕКАНАЛА «BALAPAN»)

В данной статье речь пойдет о патриотических ценностях на языке программ телеканала «Balapan». В последние годы вопросы национальных интересов стоят на повестке дня в общем культурном пространстве нашей страны. Духовно обогащают общество мероприятия, направленные на формирование общечеловеческих ценностей, общих интересов, объединяющих наш народ. Развитие национальных ценностей начинается с приверженности национальным интересам и ценностям народа. Этот процесс должен быть усвоен на протяжении всего детства каждого человека. Одним из основных факторов, которые прививают такие ценности казахским детям, являются программы, в которых помимо того, что телеканалы имеют казахское содержание, передаются тексты патриотического содержания. Вместе с тем, чтобы каждая программа была интересной в соответствии с возрастом ребенка, необходимо прочувствовать патриотический дискурс, прагматичность текстов в программах.

В нашей исследовательской статье рассматривается популяризация идеи патриотизма в программах на телеканале «Balapan». Речь идет о том, чтобы идея патриотизма передавалась между текстом программы, интегрируясь с необходимыми языковыми единицами, чтобы она выполняла лингвистическую функцию, влияла на ребенка-зрителя. Это свидетельствует о высокой теоретической и практической ценности исследования и новой направленности исследования.

Ключевые слова: телеканал «Balapan», патриотизм, телевизионные программы, национальные ценности, текст.

*E. Armia¹, *G. B. Shoybekova¹, B. Moldagali², J. M. Turgynbayeva³

¹Kazakh National Women's teacher training University,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

²Abay Kazakh National Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

³M. Auezov South Kazakhstan University

Republic of Kazakhstan, Shymkent.

Received 27.03.23.

Received in revised form 10.01.24.

Accepted for publication 03.06.24.

TRANSMISSION OF THE IDEA OF PATRIOTISM IN MEDIALINGUISTICS (BASED ON THE PROGRAMS OF THE TV CHANNEL «BALAPAN»)

This article will tell about patriotic values in the language of the programs of the Balapan TV channel. In recent years, issues of national interest have been on the agenda in the cultural space common to our country. Events that unite our people, are designed to form values and common interests inherent in society, enrich society spiritually. The development of national values begins with the adherence of the population to national interests and values. This process must be assimilated by every person from childhood. One of the main factors that instill such values in Kazakh children is the presence of TV channels in Kazakh content, as well as programs in which texts of patriotic content are transmitted. Along with the fact that each program is interesting according to the age of the child, patriotic discourse, pragmatism should be felt in the texts of the programs.

In our research article in this direction, we will consider the popularization of the idea of patriotism in programs on the Balapan TV channel. The idea of patriotism is transmitted between the text of the program with the necessary language units, it has a linguistic function, affects the child's viewer. This indicates that the theoretical and practical value of the study is high and the research direction is new.

Keywords: Balapan TV channel, patriotism, TV channel programs, national values, text.

Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz